

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ
С.Д.АСФЕНДИЯРОВ
АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

*** Кафедра: Наркология**

*

*** ТАҚЫРЫБЫ: ТҰРҒЫНДАРДА НАРКОМАНИЯ
МЕН ТОКСИКОМАНИЯНЫҢ ҚАУІП-ҚАТЕР
ТОПТАРЫНЫҢ АРАСЫНДА АЛДЫН АЛУДЫ
ЖҮРГІЗУ**

*

*

*

*

*

*

Тексерген: Жылкибаева С.К

Орындаған: Сабырова Б

Курс: V

Топ: 21-01

Жоспар:

Кіріспе

1. Наркомания мен токсикоманияның пайда болу себептері
2. Наркомания мен токсикоманияның оқушылар арасындағы профилактикасы
3. Тұрғындар арасындағы біріншілік , екіншілік және үшіншілік профилактикасы.

Қорытынды

Соңғы жылдары наркамания мен токсикомания ұлт денсаулығына қауіп төндіріп тұрған ең негізгі фактор болып тұр. Соңғы жылдары наркотикалық заттарды қабылдаудың ең төменгі табалдырығы 15тен 11ге дейін төмендеген. Химиялық өндірістің қарқынды дамуы көптеген тәуелділік шақыратын жаңа заттардың шет елдерден келіп жетіп ПАЗ қатарын толтыруда. Мысалы, шегетін қоспа “курительная смесь” спайс. Қазіргі таңда барлық СПИДпен ауыратын адамдардың 80% наркомандар. Барлық наркоманиямен ауыратын адамдардың 100 пайызында заңмен проблема және әйел адамдардың 58 пайызы жезөкшелікпен айланысады. Бұл СӨС насихаттаудан басталып тәуелділік жолына түскендермен жұмыс істеумен аяқталу керек.

Нашақорлық (гректің *нарк* – қимылсыздық, *mania* – ессіздік, күштарлық мағанасында) – есірткі құрамдас немесе психотроптық, яғни оларға ұқсас заттарға тәуелділіктен туындайтын организмнің аса ауыр және тұрақты тәндік, психикалық өзгеруіне, бұзылыстарына, кейде өлімге әкелетін дерт. «Есірткілерді тұтыну», «нашақорлық» және «наркотизм» сөздерінің мағанасын ажырата білген жөн. Есірткілік заттарды тұтыну алкоголь мен темекі тұтынуға ұқсас: бұлардың бәрі «зиянды ләззаттарға» жатады, өйткені олар тұтынушыға субъективтік ләззат сезімін сыйлайды, бірақ организмге зиянын тигізеді. Есірткілік заттарды тұтыну тек «ләззат алу» ғана емес, сондай-ақ дәрігермен дәрілік препарат (ауруды басатын, ұйықтататын, психостимулятор) ретінде берілуі мүмкін. Егер есірткілерді тұтыну үзіліссіз және үнемі болса, тұтынушының организмінде өзгерістер болады, нәтижесінде есірткілерден болатын тәндік немесе психикалық тәуелділік туындайды.

* ҚАУЫП ҚАТЕР ФАКТОРЛАРЫ

ҚАУЫП ҚАТЕР факторларын маңызды 3 топқа бөліп қарастырамыз:

Әлеуметтік фактор-

1. заттардың (препараттардың) қол жетерлігі;
2. Микроәлеуметтің әсері (достары, құрдастары);

3. Наркомания модада;

Психологиялық фактор-

1. Жеке адамның мінезі;
2. Наркотикалық заттардың әсеріне елітеушілік;

Биологиялық фактор-

1. Бастапқыдағы толеранттылық;
2. Қолданылатын заттың қолдану табиғаты.



Наркомания мен токсикоманияға түсу мотивтері:



Наркотикалық немесе токсикалық заттың әсері қандай екен, не болар екен деген қызығушылықты басу.


- Белгілі бір топтарға, орталарға кіріп өз адамы болу үшін.
- Ешкімге тәуелсіз болу немесе айналадағы адамдарға қарсы тұру сезімімен.
- Ләззат әкелетін жаңа заттарды көру, сатылап көру құбылысы.
- Шабыт шақыру немесе бір затқа жаңаша ой қалыптастыру үшін.
- Жанын қинап жүрген мәселелерден кету үшін.

- * Наркотикалық заттар туралы информацияны қалай болса солай жеңілтектікпен тарату, жастар арасындағы ПАЗ мен наркомандарға деген дұрыс емес қызығушылық қалыптастырады.
- * ПАЗ заттарды пайдалану арқылы демалу мен көңіл көтеруге деген жастар арасындағы мода.
- * Ғаламтордағы кең тараған ПАЗ үгіттеу сайттары, демативаторлар, үй жағдайында психотропты заттарды жасау рецепттері.
- * Жастар талғамына әсер ететін шет елдік жұлдыздардың наркотикалық заттарды кеңінен қолдануы.

Қоғамнан басқа наркомания мен токсикоманияның дамуына отбасының ролі өте зор. Ата-анасының біреуінің наркоман немесе алкоголизммен ауыруы, баланың жартылай немесе толық жетім болуы зор әсер етеді .

Наркомания –бұл ұжымдық (коллективное) ауру, наркомания- бұл жастар ауруы. Ауыру көбінесе жасөспірімдік кезде басталады. Жасөспірімді дұрыс емес қадамнан үлкендер алып қалу керек . Баланың наркоманиялық жолға түсуіне барлық жағдайда үлкендер мен ата-аналар кінәлі деп ұйғаруға болады.





Биологиялық себеп. Қазіргі таңда наркоманияның туындауына бірнеше теориялар қарастырылған. Ең алғашқыларының бірі, **дегенеративті теория**- наркомания - ақау, тұлғаның азаматтық азғындалуы.

19-20 ғасырларда психиаторлардың арасында наркомания ұрпақтан ұрпаққа берілетін дерт деп саналды, яғни **асқынған отбасылық анамнез**.

Голландиялық психиаторлар наркомания түрлі **стресс жағдайларының** себебі деген ұғымда.

Тағы бір теория **психотириялық** негізінде наркоманиямен қандайда бір психикалық ауытқуы бар науқастар шалдығады.

Әлеуметтік-психологиялық.

Эпидемиялық теория- халық арасында инфекциялық ауру тәрізді таралады, әлеуметтік тайғақ ортада дереу таралады.

* Мектеп оқушылары арасындағы профилактика

Мектептегі балаларға диагностикалық мақсатта тексеру жүргізу мен қауіп топтарын анықтау.

Мұғалімдермен жұмыс істеу арқылы оларды наркомания мен токсикомания туралы ақпараттандыру.

Тәрбие сағаттары, презентация , сұрақ жауап тәсілімен орта сынып оқушыларына түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

СӨС үгіттеу

Бос уақытты дұрыс пайдалану мақсатында спорттық, өнер, музыкалық, би үйірмелерін құрастыру.

Сабақ кезінде таңдамалы түрде медициналық тексеру жүргізу.

Ата- аналармен жалпы жиналыс кезінде әңгіме(беседа) өткізу.

Балаларды экспресс тестілеу және оның қорытындыларын ата аналармен талдау.

- Оқушылардың жанұясына араласу.

Балаға жайлы жанұялық атмосфера болуын қадағалау.

- Жанұялық кризистен шығуға көмек көрсету.

Отбасы мен бала арасындағы конфликттерді болдырмауды, одан шығу жолдарын көрсету.

- Оқушының отбасындағы жүріс тұрысына көңіл бөлу.

- Балаға сенім мен махаббат ұялату.

**Мектептегі жасөспірімдердегі ең көп тараған қате пікірлер:*

- * -өмірде бәрін,сонымен қатар наркотикті де көру керек.
- * - көп жыл наркотик қолданып,қалыпты өмір сүріп жүрген адамдар көп.
- * - адам шөп(травка) шегіп жүріп қаншалықты тәуелді екенің қадағалап,кез келген кезде тастап кете алады.
- * -наркотик қабылдап тәуелділікке түспей жүрсе де болады.
- * - токсикомания бұл ауру емес тәуелділік болмайды.
- * Қабылдау қабылдамау әркімнің жеке проблемасы.
- * -наркотикалық заттарды голландия сияқты заңды қылу заң бұзушылықты жояды.
- * -өмірден қалып қалған үлкендер наркотиктің қандай тамаша зат екенін түсінбейді.
- * - наркотик әлем ақиқатын(истину мира) түсінуге көмектеседі.
- * -бір рет көріп тастап кетсе болды.
- * Марихуана шегудің табак шегуге қарағанда зияны азырақ.

* Біріншілік профилактика

1. Заңды түрде ПАЗ сақтау, қолдану, таратуға тыйым салу.
2. Алкоголизм, наркомания мен токсикоманияға ҚР-да күштеп емдеу қолданылады.
3. Тұрғындарды өзіндік алдын алуға үйрету.
4. Комплекстік антинаркотикалық, антиалкогольдік профилактика.
5. Антинаркотикалық жарнамалар, плакаттар, стенттерді жаппай ілу, БАҚ-да тарату.
6. Наркофильды қазір өте көп тараған гот эмо панктер сияқты топтарды заңды қадағалауға алу.
7. Антинаркотикалық жастар ұйымдарын, ағымдар құру.
8. Наркоманияға қарсы СӨС үгіттейтін концерттер мен басқа да мероприятиялар ұйымдастыру.
9. Жастардың бос уақытын дұрыс өткізуге арналған шаралар.
10. Өмірдің басқа құндылықтарын белсенді жарнамалау.
11. Қауіп топтарына психотерапиялық және психологиялық консультация жүргізу.
12. Әр түрлі қоғамдық дезадаптация жағдайындағы адамдармен жұмыс.
13. Сенім телефондарын орнату.

*Екіншілік профилактика

Физикалық және психикалық тәуелділікте рді жоюға бағытталған шаралар ұйымдастыру

Наркотикалық заттар, алкоголь немесе токсикалық химикаттарды қолданатын субъекттерді анықтау мен олардың заң бұзуына кедергі жасау.

Тәуелділік түрі мен дәрежесін және оның демеуші (предрасполагающий) факторларын анықтау, күресу.

Наркомания мен токсикоманианы емдеу, дезинтоксикациялық шаралар жүргізу, шұғыл наркологиялық көмек көрсету.

Психотерапиялық шаралар арқылы СӨС ұстанатын орта жасау.

Үшіншілік профилактика

- * Медико -психологиялық шаралар.
- * Социалдық психологиялық шаралар.
- * Қоғамдық шаралар арқылы емделіп шыққан науқас реабилитациясын демеп, ремиссияның алдын алу.



№ 188-IV ҚР Заңы 17.07.09
ж.

6 статья бойынша
наркотикалық және
психотропты заттардың
айналымын мемлекеттік
түрде қадағалау. Мемлекеттік
бақылау және уәкілетті
органдардың бақылауы,
қадағалау.

7 статья- айналымдағы
лицензияланған психотропты
заттар

8 статья- мемлекеттік
квотан. Айналымдағы
наркотикалық заттарды квота
арқылы бру.



Соңғы жылдары ҚР-да наркомания 8 есе өсті. Оның таралуы жасөспірімдер арасында өте көп. 15-16 жасар кез келген жасөспірім өзінің ПАЗ қолданатын танысы бар екенін оңай айта алады. Жасөспірім наркотикті алғаш қабылдағанда өзіне зиян келтіру немесе өлуді мақсат етпейді. Бұл тек өз санасымен деген қызықты эксперимент ретінде ғана жүзеге асады. Бірінші рет көріп тастап кеткен жастарды сұрастырғанда олардың басым көпшілігі салдарынан қорқып тастап кеткендігі анықталған. Тек аз бөлігі ғана наркотикалық затқа қаражат жоғынан немесе аллергиялық реакция болғандықтан тастаған. Яғни балаларды дұрыс ақпараттандыру мен қадағалау ең басты профилактикалық шара.

 **Қорытынды**

*Қолданылған әдебиеттер

Ваисов С.Б.- Наркомания и алкогольная зависимость, практическое руководство по реабилитации детей и подростков. Изд: Спб. Наука и техника, 2008-272с

Еременко Н.И.- Профилактика вредных привычек. 7.

Профилактика алкогольной и наркотической зависимости у подростков в школе: практическое руководство для педагогов и родителей. М:

Скрытая профилактика наркомании: практическое руководство для педагогов и родителей. . М: ТЦ.Сфера,2002-64с.